

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары және парасаттылық қағидаттары» тақырыбында педагогикалық ұжыммен өткізілген семинар анықтамасы

Мекеме: №55 жалпы білім беретін орта мектеп

Өткізілген күні: 16 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың орынбасарлары, педагогикалық кеңес мүшелері, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері – барлығы 74 педагог

Жауапты тұлға: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл – Базилбаева Г.Т.

Мақсаты:

Мектеп педагогтарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын білуін арттыру, білім беру жүйесінде адалдық, әділдік, ашықтық және парасаттылық қағидаттарын нығайту, сонымен қатар педагогикалық ұжым арасында жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және оның алдын алу мәдениетін қалыптастыру.

Семинардың барысы:

Семинарды мектеп директоры Рахимберлина Д.А. кіріспе сөзбен ашып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың еліміздегі маңыздылығына тоқталды. Директор өз сөзінде Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың **«Жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең басты қауіптердің бірі»** деген сөзін мысалға келтіріп, ұстаздардың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен үлгі болу рөліне ерекше назар аударды.

Содан соң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл Базилбаева Г.Т. тақырыптық баяндама жасап, педагогикалық ұжымға Қазақстан Республикасының **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының** негізгі ережелерін, сондай-ақ білім саласында туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен оларды болдырмау жолдарын түсіндірді.

Баяндамашы келесі мәселелерге нақты тоқталды:

- Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинау, сыйлық қабылдау, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану заңмен тыйым салынғаны;
- Мектеп ұжымының әр мүшесі адалдық пен ашықтық мәдениетін өзінен бастауы қажеттігі;
- «Адал ұрпақ» және «Саналы ұрпақ» жобаларының қоғамдағы тәрбиелік маңызы;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін ішкі бақылау мен ашық есептіліктің маңыздылығы;
- Адалдық пен академиялық адалдық мәселелерінің маңыздылығы.

Семинар барысында мұғалімдер назарына акпараттық бейнероликтер мен слайдтар ұсынылды. Педагогтар белсенді түрде сұрақтар қойып, өз тәжірибелерінен мысалдар келтірді. Талқылау кезінде мектептегі заңсыз ақша жинауға жол бермеу, ата-аналармен жұмыс жүргізу, сынып жетекшілердің жауапкершілігі сияқты өзекті мәселелер қаралды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Темирова Д.М. «Парасаттылық мектебі – әділ қоғамның негізі» тақырыбында қысқаша баяндама жасап, мұғалімдерді оқушылар

арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдістерімен таныстырды.

Семинар нәтижесінде қабылданған шешімдер:

1. Педагогикалық ұжым мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын және өз қызметінде адалдық, әділдік қағидаттарын басшылыққа алсын.
2. Мектеп әкімшілігі тарапынан ішкі бақылау және мониторинг жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
3. Барлық сынып жетекшілері ата-аналармен және оқушылармен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын өткізсін.
4. Мектептің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық айдар тұрақты түрде жанартылып отырсын.
5. «Адал ұрпақ» және «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмысы жандансын, оқушылармен біртескен тәрбиелік және шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкіл жылдық іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша төксан сайын есеп беріп отырсын.
7. Әр педагог жеке үлгісімен парасаттылық мәдениетін насихаттауға және ұжымдық этика нормаларын сақтауға міндетті.

Қорытынды:

Семинар педагогикалық ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылықты арттыруға, парасаттылық пен адалдық қағидаттарын орнықтыруға бағытталды.

Қатысушылар бұл семинардың маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта мұндай іс-шараларды жиі өткізу туралы ұсыныс білдірді. Мектеп ұжымы бір ауыздан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытып, адалдық пен әділдікке негізделген кәсіби орта қалыптастыруды басты мақсат етіп қойды.

Жиналыс төрағасы: _____

Хатшы: _____

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкіл: _____

Қолы: _____

Рахимберлина Д.А.

Глеумұратова Г.

Базилбаева Г.Т.